



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010500	«Дефектология»	1. Педагогика 2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі 3. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Арнайы педагогика

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Педагогика
 2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі
 3. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 4. Арнайы педагогика
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) тәрбиелік
- B) қызығушылық
- C) танымдық
- D) психикалық
- E) әлеуметтік

2. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Флегматикалық, меланхоликалық
- B) Биологиялық
- C) Психикалық
- D) Сангвиникалық
- E) Психофизиологиялық
- F) Холерикалық

3. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Қоғамдық тәрбие
- B) Азаматтық тәрбие
- C) Әлеуметтік тәрбие
- D) Экологиялық тәрбие
- E) Еңбек тәрбиесі

4. Педагогикалық үдеріс заңдылықтарындағы байланыстар:

- A) өзара
- B) мерзімді
- C) шартты байланыс
- D) субъективті байланыс
- E) қажетсіз
- F) тұрақсыз
- G) диалектикалық
- H) қарапайым

5. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Тәрбиені гуманитарландыру
- B) Педагогикалық процесте тәрбие ісін жүргізу
- C) Жеке тұлғаның наным сенімін қалыптастыру
- D) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы
- E) Адамды жан-жақты дамыту

6. Дүниетаным - бұл:

- A) Ақиқатты дүниеге деген көзқарастар жүйесі
- B) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- C) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- D) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- F) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
- G) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі

7. Басқару стилі бойынша:

- A) діни
- B) либералдық
- C) адамгершілік
- D) отбасылық
- E) авторитарлық
- F) мектептік
- G) қоғамдық

8. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттар:

- A) Оқу жоспарлары
- B) Әдістемелік нұсқаулар
- C) Оқулықтар, оқу құралдары
- D) Әдеби шығармалар
- E) Оқулықтар
- F) Жұмыс кестелері

9. Білім беру философиясы мәртебесін анықтаудағы көзқарастар:

- A) Білім беру философиясы жеке ғылыми сала емес
- B) Әдіснамалық оқулар
- C) Қолданбалы философия
- D) Ғылыми зерттеулер
- E) Философия саласы
- F) Педагогика саласы
- G) Білім берудің әдіснамалық мәселелерін зерттейді

10. Білім мазмұны дегеніміз:

- A) Оқушыларды білімділікке, тәрбиелікке үйрету және дамыту
- B) Оқыту процесі барысында оқушылардың меңгеруге тиісті эстетикалық идеялар жүйесі
- C) Оқушылардың оқу процесі барысында меңгеруге тиісті сауаттылық және дағдылар жүйесі
- D) Оқушылардың ғылыми білім, біліктілік және дағдыны игеру үдерісі
- E) Оқушылардың ақыл-ой, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі
- F) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі

11. Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру жолдары:

- A) пәнаралық байланыстарды іске асыру
- B) іскерліктер жүйесі қалыптастыру
- C) тәрбиелік шаралар ұйымдастыру
- D) діни білімдер қалыптастыру
- E) дін мен ғылымның байланысын ашу

12. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Ұжымдық дәстүрдің болуы
- B) Өзіндік мәнді мақсат
- C) Қарама-қарсы жауаптарға тәуелділік
- D) Жеке әлеуметтік іс-әрекет
- E) Жеке әлеуметтік мақсат
- F) Жеке таңдалған басқарушы орган

13. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің міндеттері:

- A) Әлеуметтік
- B) Психологиялық
- C) Болжамдық
- D) Педагогикалық
- E) Дамытушылық
- F) Тәрбиелік

14. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) ата-аналармен ұйымдастырушылық–педагогикалық жұмыс
- B) әдістемелік жұмыстар
- C) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар
- D) ата-аналармен педагогикалық ағарту жұмыстары
- E) мектепті материалдық жабдықтау жұмыстары
- F) спорттық жұмыстар
- G) олимпиадаларға даярлық

15. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрылысы ол:

- A) Оқу материалы қарапайымнан күрделіге ауысып отырады
- B) Оқыту материалының мазмұны қайталанып отырады
- C) Оқу материалы қол жетерлік деңгейде болады
- D) Мазмұны қиындық дәрежесі жағынан алдыңғыдан жеңіл болады
- E) Өтілетін материалдар ашылып көрсетіледі және түсіндіріліп, талданады
- F) Оқыту материалдары оқушылардың жас ерекшелігіне сай болады

16. Оқытуды ұйымдастыру формалары:

- A) Сабақ
- B) Дәріс
- C) Семинар
- D) Сендіру
- E) Қоғамдық жұмыс

17. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгілері:

- A) Жалпы нәтижелердің болуы
- B) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- C) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- D) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушының өзіндік білімін көрсете алуы
- E) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- F) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- G) Жалпы іс-әрекет негізінің болмауы
- H) Жалпы іс-әрекеттің негізінің болуы

18. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- B) Төзімділіктерін дамытады
- C) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- D) Тәрбиені меңгертеді
- E) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет

19. Оқытуды бақылау түрлері:

- A) Хабарлық
- B) Сұраулық
- C) Жеке
- D) Топтық
- E) Фронталды

20. Оқу үдерісіндегі сөздік әдістер:

- A) Эвристикалық
- B) Дәріс
- C) Жаңа білімді игеру
- D) Көрнекілік
- E) Түсіндіру

21. Ақпараттық технология:

- A) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- B) Ақпаратты өңдеу процесінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- D) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- E) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- F) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді
- B) оқыту әдістерін таңдауға ықпал етеді
- C) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
- D) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- E) білім беру мекемелерін жетілдіруге қатысады
- F) білім беруді реттеуді қамтиды
- G) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді

23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:

- A) Шолушылық
- B) Аналитикалық
- C) Баяндаушылық
- D) Прагматикалық
- E) Жекелеген
- F) Ақпараттық

24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:

- A) Педагогикалық ақпарат түрлеріне сипаттама
- B) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау
- C) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
- D) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі
- E) Педагогикалық деректерге басшылық
- F) Мұғалімнің басқару ұстанымы
- G) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі

25. Әдістемелік жұмысты қорытындылау формалары:

A) жас мұғалім мектебі

B) жеке мұғалімдердің немесе әдістемелік бірлестіктердің шығармашылық есептері

C) диссертациялық кеңес

D) педагогикалық оқулар

E) озық тәжірибе мектебі

F) проблемалық семинарлар

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі

1. Көмекші мектептің математика сабағында оқушыларға білім беретін дерек көздеріне сәйкес оқытудың келесі әдістері айқындалады:

- A) Сөздік әдістер
- B) Көрнекілік әдістер
- C) Мәселелік әдіс
- D) Ғылыми-зерттеу әдістері
- E) Жартылай зерттеу әдістері
- F) Тәжірибелік әдістер

2. Берілген тапсырмалардың мақсаты – оқушылардың кеңістікті бағдарлай білу қабілетін тексеру:

- A) «Қайсысы үлкен: мысық па, сиыр ма?»
- B) «Айнұрға 5 қарындаш санап бер»
- C) «Мына жолақшалардың қайсысы ұзынырақ?»
- D) «Кітапті төменгі тартпаға сал»
- E) «Дәптерді сол қолыңмен ұста»
- F) «Үй биік пе, үйшік биік пе?»
- G) «Қызыл текшені маған бер»

3. Сан мен цифрды сәйкестендіруге берілетін тапсырмалар:

- A) «2 санының көршілерін ата»
- B) «Суреттегі алты қарындаштың жанына тиісті санды жаз»
- C) «3-тен бастап әрі қарай сана»
- D) «Сыныпта тоғыз оқушы бар. Қанша оқушы екенін дәптерге жаз»
- E) «4-тен бастап 8-ге дейін сана»
- F) «Айжан жеті алма сатып алды. Алма санын цифрмен көрсет»
- G) «3-тен кейін қай сан тұрады?»

4. Бұл тапсырмалардың мақсаты – санның құрамын анықтауға үйретеді:

- A) «9-ды екі санға жікте: $9 = \dots + \dots$ »
- B) «Суреттегі 7 қуыршақтың жанына тиісті санды жаз»
- C) «Қайсысы артық: 1 ондық па әлде 1 бірлік пе?»
- D) «20 алманы екі топқа қалай бөлуге болады»
- E) «Бір бума таяқшаларды партаға бір-бірден қой. Неше ондық? Неше бірлік?»

5. Сан мен цифрды сәйкестендіруге берілетін тапсырмалар:

- A) «10-нан бастап 18-ге дейін сана»
- B) «Сөреден екі кітап ал. Неше кітап алғаныңды дәптерге жаз»
- C) «11-ден бастап әрі қарай сана»
- D) «Сан қатарында жазылмаған сандарды жаз: 0, 1, 2,.....5,.....12,.....20»
- E) «Суреттегі жеті қуыршақтың жанына тиісті санды жаз»

6. 100 шамасындағы нөмірлеуін оқыту барысында берілетін білім, біліктер:

- A) 100 шамасында сандарды оқу, жазу, түсіну
- B) 1000 шамасында кері санауды үйрету
- C) Қосу мен алу белгілеріне үйрету
- D) Сандардың мындық құрамын білу
- E) Сандардың жүздік құрамын білу
- F) 10 шамасында кері санауды үйрету

7. 3-ті көбейту кестесін оқытуға берілетін тапсырмалар:

- A) «15 теңгені бірдей үш теңгелікпен ал. Қанша теңгелікпен алдың?»
- B) «Асан мен Үсен 4 алманы тең бөліп жеді. Әрқайсысы қанша алмадан жеді?»
- C) «3-ке көбейтілген сандарды оқы. Ол сандар қалай өзгереді?»
- D) «3-ке бөлу кестесінің қай жолдары жоқ?»
- E) «Көбейтуді қосу амалына айырбаста: $2 \times 4 = 8$; $2 + 2 + 2 + 2 = 8$ »
- F) «Үш таяқшадан 2 рет алынды. Таяқшалар саны қанша?»
- G) «5 рет 3 гүлден алынды. Барлығы қанша гүл алынды?»

8. Жыл туралы түсінікті қалыптастыруға берілген тапсырмалар:

- A) «Бір ғасырда неше жыл бар?»
- B) «Әсет минутына 90 сөз оқиды. Әсет 450 сөзді неше минутта оқиды?»
- C) «1 сабақ 1 сағатқа созылады. Ал 3 сабақ неше сағатқа созылады?»
- D) «Қараша айында неше күн бар?»
- E) «Айман 2 минутта 3 есеп шығарады. Ол 10 минутта неше есеп шығарады?»
- F) «Үшінші сабақ сағат нешеде басталады?»

9. М.Н. Перованың еңбектері:

- А) «Арифметиканы оқыту пропедевтикасы»
- В) «Көмекші мектептің 4-сыныбында нумерацияны оқытуда қолданылатын жаттығу түрлері»
- С) «VIII түрдегі түзете оқыту мектепте (көмекші мектепте) математиканы оқыту әдістемесі»
- Д) «Көмекші мектептің I сыныбында арифметикаға оқыту»
- Е) «Көмекші мектептегі бастауыш сынып оқушыларын математикаға оқыту»
- Ғ) «Көмекші мектептегі арифметика бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығулар»
- Г) «Көмекші мектепте арифметикалық амалдарды орындау»

10. Берілген тапсырманың мақсаты – 100 саны көлемінде разрядтан аттамай екітаңбалы және біртаңбалы сандарды қосу және азайту:

- А) Берілген әр санды 3 бірлікке арттыр: 56, 63, 54
- В) Екі бума таяқшаларды өзара қос
- С) Азайғышты тап: ... - 20 = 40
- Д) Апайда 28 кітап бар еді. Ол тағы 3 кітап сатып алды. Қанша кітап болды?
- Е) Бір дорбада 10 кәмпит, екіншісінде 20 кәмпит бар. Барлығы қанша кәмпит?

11. Километр ұғымын меңгерту үшін келесі әдістер тиімді болады:

- А) Экскурсия ұйымдастыру
- В) Суреттерде
- С) Сыныпта
- Д) Қадамдарды санау арқылы бір километр жаяу жүру
- Е) Қадамдарды 50-ден 100-ге дейін санау
- Ғ) Фотографияларда
- Г) Абак арқылы

12. Тапсырма мақсаты – уақыт түсініктерін қалыптастыру:

- А) «Қағаздан метрлік жаса. Соның көмегімен сыныптың енін өлше»
- В) «Сенің туған күнің қай айда?»
- С) «Дәптеріңе үлгідегі кесіндіні сыз»
- Д) «Асан мен Үсеннің ортасына тұр»
- Е) «Гүлді оң қолыңмен ұста»

13. Тапсырма мақсаты – көбейту кестесін жаттау:

- A) «Төрттен қосып отырып 20-ға дейін сана»
- B) «2 санын көбейтуге арналған есептерді бөлу есептерге айналдыр»
- C) «3-ті көбейту кестесінің қай жолдары жоқ»
- D) «10 дәптерді 2 бағанға тең бөл. Әрбір бағанда неше дәптерден»
- E) «Бөлу амалына есеп берілген, көбейтуге арналған сәйкес есепті ата»

14. 1000 шамасында нөмірленуді үйрету әдістеріне жатады:

- A) Бірліктерді 1000 дейін санау
- B) Нөлге бөлу амалдары
- C) Мың шамасындағы сандарды жазып үйрену
- D) Тоғыз санның құрамын білу
- E) 100 шамасында арифметикалық амалдарды орындау
- F) Геометриялық прогрессияны жете білу

15. 1000 көлеміндегі сандарды қосу және азайту кезеңдері:

- A) Толық жүздіктерді қосу және азайту
- B) Бірге көбейту
- C) Санау таяқшалары арқылы санау
- D) Нөлге көбейту
- E) Шот арқылы санау
- F) Абак арқылы санау

16. Арифметикалық есептерді шығару әдістемесінің кезеңдері:

- A) Есептің шығару амалдарын іздестіру
- B) Морфологиялық талдау жасау
- C) Формулаларды құру
- D) Диаграмма салу
- E) Арифметикалық прогрессияны құру
- F) Есептің мазмұнымен жұмыс істеу
- G) Есепті шығару

17. Санды бірнеше бірлікке арттыруға және кемітуге берілген есептер:

- A) «Мұғалім үш оқушыға 2 дәптерден берді. Ол барлығы неше дәптер берді?»
- B) «Сыныпта көп бала бар. Сырттан бірнеше бала кірді. Бала саны көбейді ме, азайды ма?»
- C) «Арайда 5 дәптер бар. Ол тағы 2 дәптер сатып алды. Арайда барлығы неше дәптер болды?»
- D) «Дүкенде 7 газет бар еді. Оның 3-уі сатылды. Дүкенде неше газет қалды?»
- E) «Себетте 5 алма бар. Оған тағы 6 алма салса, себетте неше алма болады?»

18. Берілген есептердің мақсаты – геометриялық пішіндерді жіктеу:

- A) «Мына пішіндердің ішінен шаршыларды теріп ал»
- B) «ABC және DEF үшбұрыштарының қайсысы теңбүйірлі?»
- C) «Суреттен тек үшбұрыштарды көрсет»
- D) «ABC бұрышын сыз да, A және C нүктелерін түзу сызықпен қос»
- E) «Үшбұрыштың бір қабырғасын алып тастасаң, не пайда болады?»
- F) «Мына төртбұрыштардың қайсысы тіктөртбұрыш?»

19. Берілген есептердің мақсаты – геометриялық пішіндерді өлшеу және есептеу:

- A) «Тікбұрышты үшбұрыштың бір қабырғасы 30^0 . Қалған бұрыштарын өлшеп тап»
- B) «ABC бұрышын сыз да, A және C нүктелерін түзу сызықпен қос»
- C) «Суреттен тек үшбұрыштарды көрсет»
- D) «Үшбұрыштың бір қабырғасын алып тастасаң, не пайда болады?»
- E) «Тікбұрышты үшбұрыштың жай үшбұрыштан айырмашылығы неде?»
- F) «Ауданы 64 см^2 шаршының қабырғалары неше см?»
- G) «Ұзындығы 7 см, ені одан 3 см кем тіктөртбұрыштың периметрін есепте»

20. Арнайы мектептің оқушыларында «нөмірлеу» бөлімін оқу кезінде қалыптасуы тиіс:

- A) Натуралды сандар қатары
- B) Арифметикалық әрекеттің қасиеттері
- C) Геометриялық фигуралардың кескіні
- D) Бұрыс және дұрыс бөлшектер
- E) Бөлшекті сандар түсінігі
- F) Амалдарды орындау тәртібі
- G) Натуралды сандар түсінігі

21. Уақыт өлшемдерін түрлендіруге берілген тапсырмалар:

- A) «Айгүл 10 тг-ге екі қалам сатып алды. Бір қалам неше тг тұрады?»
- B) «Ірі өлшем бірліктерін ұсақ өлшемдерге ауыстыр: $70 \text{ сағ} = \dots \text{мин}$; $70 \text{ сағ} = \dots \text{с}$ »
- C) «Мына жіптің ұзындығын өлше, екі түрлі өлшемде айт (см, м)»
- D) «Қарындаштың ұзындығын сантиметрде, сосын дециметрде көрсет»
- E) «Дұрыс өлшем бірлікті қой: $300 \text{ мин} = 5 \dots$ »
- F) «Асан 50 тг Арай мен Үсенге тең бөліп берді. Әрқайсысына неше тг берді?»

22. Уақыт өлшемдерімен қосу және азайту амалдары дұрыс орындалған нұсқаларды көрсет:

- A) 7 сағ 45 мин-5 сағ 50 мин=1 сағ 95 мин
- B) 3сағ 40мин-1сағ 50мин=1сағ 90мин
- C) 3 сағ+1 мин = 4 сағ
- D) 3сағ 40мин-1сағ 50мин=1сағ 50мин
- E) 7 сағ 45мин-5 сағ 50 мин=1 сағ 55 мин

23. Берілген тапсырмалардың мақсаты – бөлімі бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту:

- A) 12 метрлік жіптің $\frac{1}{5}$ бөлігі кесілді. Қанша метр жіп кесілді?
- B) 10 см-дің $\frac{1}{5}$ бөлігін тап
- C) 140 ағаш бар. Оның $\frac{4}{7}$ бөлігін алма ағашы құрайды. Алма ағашы қанша?
- D) Егістіктің $\frac{1}{9}$ -не бидай, $\frac{3}{9}$ -не арпа егілген. Егістіктің қанша бөлігі егілген?
- E) Тақтайшаның ұзындығы $\frac{7}{10}$ м, оның $\frac{5}{10}$ метрі кесілді. Қалған бөлігін тап
- F) $\frac{3}{10}$ м матаның $\frac{1}{10}$ метрі кесілді. Қанша метр мата қалды?

24. Берілген тапсырманың мақсаты – жай бөлшектерді салыстыру:

- A) Суреттегі шаршының $\frac{1}{2}$ бөлігін көрсет
- B) Тіктөртбұрыштың $\frac{1}{3}$ бөлігі үлкен бе, $\frac{2}{3}$ бөлігі үлкен бе
- C) Бөлшектерді салыстыр: $\frac{2}{4}$...
- D) Шаршыны 8 бөлікке бөл. Оның $\frac{1}{8}$ бөлігін штрихта
- E) Заттың тең жартысын бөлшекпен ата
- F) Бөлшектерді ең үлкенінен бастап жаз: $\frac{3}{5}$, $\frac{3}{10}$, $\frac{3}{9}$

25. Берілген тапсырманың мақсаты – ондық бөлшектерді өлшем бірліктері арқылы жазу:

- A) $\frac{2}{7}$ бөлшегінің алымы мен бөлімін ата
- B) Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіріп жаз: $\frac{3}{5}$ және $\frac{1}{4}$
- C) $0,1 \text{ м} = \dots \text{ дм}$
- D) Бөлшектерді өсу ретімен жаз: $\frac{1}{5}$, $\frac{3}{5}$, $\frac{2}{5}$, $\frac{4}{5}$
- E) Тиісті санды жаз: $1,7 \text{ м} = \dots \text{ м} \dots \text{ дм}$

Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Өзара әрекеттескен жүйелер мен элементтер арқылы жеке бастың мақсатты бағытта дамуы:

- A) Мәдениет
- B) Оқыту
- C) Білім беру
- D) Тәрбиелеудің механизмі
- E) Тәрбие

2. Оқушының қоғам талаптарына сай дәрежесі

- A) белгілі бір пәндерді білуі
- B) оқушының ізеттілігі
- C) қоғамда өзін-өзі ұстау қабілеттілігі
- D) белгілі бір тапсырмаларды орындау
- E) оқушының тәртіпті болуы
- F) қойылған талаптарды бағыттай білуі

3. Арнайы білім берудегі тәрбиелеу үдерісінің ерекшеліктері:

- A) Субъективті
- B) Жүйелік
- C) Объективті
- D) Талапшыл
- E) Мақсатты
- F) Кешенділік

4. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) оқушыларға бақылау жүргізу
- B) оқушылармен жеке жұмыс
- C) сынып ұжымына білім беру
- D) сынып ұжымын тәрбиелеу
- E) сынып ұжымын ұйымдастыру

5. Тұлғаның іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері:

- A) мектеп
- B) білім
- C) ойын
- D) ұжым
- E) талап
- F) үйрету

6. Тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалаудың формалары:

- A) сенім тәсілінің тиімділігін арттыру
- B) оқушылардың педагогикалық мінездемесі
- C) сенімсіздік қалыптастыру
- D) оқушылардың сабаққа үлгеру дәрежесінің жоғарылығын бағалау
- E) тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу
- F) жеке адам мен ұжымды зерттеу
- G) тәртіпті бағалау

7. Балаларды оқу және тәрбие жетістіктеріне ынталандыру әдісі:

- A) Әуендік бейнелерді қарау
- B) Билеу алу қабілеті
- C) Қолдау
- D) Мадақтау
- E) Мақұлдау

8. Мақтау қағазымен марапаттау:

- A) Инициативті мадақтау
- B) Тәрбиелік мадақтау
- C) Ақылды мадақтау
- D) Адамгершілік мадақтау
- E) Қабылданған мадақтау
- F) Кезекті мадақтау

9. Жеке тұлға дамуындағы позитивті сананы қалыптастыруға немесе теріс әсерлерді жеңе білу қажеттіліктерін дамытуға әсер ететін педагогикалық әдіс:

- A) Дамытуды диагностикалау
- B) Тәрбие
- C) Өзін-өзі тәрбиелеу
- D) Тәрбиені өзгертіп, жақсарту
- E) Тәрбиені түзету
- F) Оқыту

10. Тәрбие әдістері:

- A) Ғажайып жерлерге ұжыммен бару
- B) Оқытушының оқушымен жеке сұхбаттасуы
- C) Педагогикалық ықпал әдістерінің жиынтығы
- D) Оқушылардың өзара пікір алмастырулары
- E) Арнайы қойылым бойынша өңделген шаралар жиынтығы
- F) Тәлімділік әрекеттестіктің жасалуына мүмкіндік беретін жалпы әдістер жиынтығы
- G) Сұрақ пен жауаптан тұратын таным ойындары

11. Оқушылардың экономикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші:

- A) ҚР-дағы экономикалық саясат
- B) Мәдениеттілікті меңгеруі
- C) Сауаттылықты арттыру ұғымдары
- D) Табиғатты қорғау бойынша тәжірибелік іс-әрекеті
- E) Экономикалық жетекші идеялар туралы білімі
- F) Негізгі экономикалық ұғымдар

12. Тәрбиенің құрамдас бөліктері:

- A) Дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие
- B) Демократияландыру, экологиялық тәрбие, азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, жанұя тәрбиесі
- C) Адамгершілік тәрбиесі
- D) Адамгершілік тәрбие, экологиялық тәрбие, азаматты тәрбиелеу, кәсіби білім, мамандық таңдауға дайындық
- E) Ақыл-ой тәрбиесі, саяси-идеялық тәрбие, дене тәрбиесі тәрбиені демократияландыру

13. Денені жаттықтыру:

- A) Факультативті сабақ
- B) Спорттық ойындар
- C) Гимнастика
- D) Валеология сабағы
- E) Олимпиада
- F) Денені шынықтыру

14. Аталмыш көрсеткіштер қоғамдық іс-әрекетті сипаттайды:

- A) кез келген іс-әрекетте қоғамдық қатынастарды қалыптастыру
- B) саяси көзқарстарды тежеу
- C) сенсорлы-қозғалыс аумағын дамыту
- D) оқушылардың іс-әрекетінде шығармашылық үдерістерді дамыту
- E) еңбекке психологиялық даярлық

15. Отбасы тәрбиесінің негізін құрайды:

- A) Азаматтық құқық
- B) Нарықтық қатынас
- C) Еңбек тәрбиесі
- D) Адамгершілік тәрбиесі
- E) Құқықтық тәрбие
- F) Әкімшілік құқық
- G) Қылмыстық құқық

16. Жалпы адами құндылық:

- A) білімді меңгеру дәрежесі
- B) тәрбиені меңгеру дәрежесі
- C) нақты қоғам, мәдениет, қатысты адамдардың қабылдайтын құндылығы
- D) нақты қоғам қабылдайтын құндылығы
- E) нақты мәдениет, тарихи кезеңге байланыссыз көпшілік адамдардың қабылдайтын құндылығы

17. В.А. Сухомлинскийдің еңбектері:

- A) «Ата-аналар кітабы»
- B) «Мектептің жас директорымен әңгіме»
- C) «Аналар мектебі»
- D) «Азаматтың қалыптасуы»
- E) «Мұғалімдерге жүз кеңес»
- F) «Тәрбие жөніндегі ойлар»
- G) «Балаға жүрек жылуы»

18. Арнайы мектептегі еңбекке баулудың пропедевтикалық кезеңі білдіреді:

- A) қол еңбекке
- B) жалпы еңбекке
- C) қарапайым еңбекке
- D) еңбек операцияларын дербес орындауға
- E) электр приборларымен жұмыс жасау
- F) қызмет көрсету еңбегіне
- G) қызметке

19. Мақсаты бойынша кәсіби кеңестердің түрлері:

- A) Медициналық
- B) Анықтамалық
- C) Топтық
- D) Жеке
- E) Педагогикалық

20. Тәрбиелеу мақсатын анықтайтын негізгі факторлар:

- A) Ата-аналар
- B) Оқушылардың қажеттіліктері
- C) Саясат
- D) Тәрбиешілер
- E) Педагогикалық үдеріс мүмкіндіктері
- F) Оқытушылар

21. Бұл ұжымның және өзін-өзі басқарудың дамуы, әрекеттердің жүйе түзушілік түрлері мен қызмет етуші жүйенің ең тиімді бағыттары бекітіліп, тиімді педагогикалық технологиялардың өңделуі жүргізілетін кезең:

- A) Тәрбие жұмысы нәтижелерінің өңделуі
- B) Тәрбие жүйесінің қорытынды кезеңі
- C) Тәрбие жүйесінің соңғы кезеңі
- D) Тәрбие жүйесінің бастапқы түзілістері
- E) Тәрбие жұмысының соңғы рәсімделуі

22. Іскерлік:

- A) Әрекет пен ойдың ептілігі
- B) Ұғынып алынған білімдерді практика жүзінде қолдану әдістерін игеру
- C) Автоматтандырылған әрекет
- D) Дағды
- E) Өзіндік іс-әрекет
- F) Алған білімді практикада жоғары деңгейде қолдану
- G) Іс-әрекет әдісі

23. Ақыл - есі кем балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттері:

- A) Ақыл - ойының даму деңгейін көтеру
- B) Дене-қимылын дамуға жоғары жағдай жасау
- C) Мектепке дейінгі топтар ашу
- D) Уақытша қатынас орнату
- E) Рухани дамытуға жағдай жасау
- F) Уақытша оқытуға мүмкіндік жасау

24. 70 жылдардағы мектепке дейінгі арнайы білім беру мекемелердің кеңейген жүйесі:

- A) мектеп
- B) бөбекжай
- C) балабақша
- D) мектепке дейінгі балалар үйлері
- E) техникалық лицей
- F) арнайы (түзету) мекемесі
- G) колледж

25. Арнайы мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмысына негізделген жетекші әрекет:

- A) спорт
- B) теория
- C) таным
- D) іс-әрекет
- E) ойын
- F) оқу
- G) еңбек

**Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Арнайы педагогика

1. Адамдар тек қарапайым еңбек құралдарын меңгерген кезеңде кемтар болып саналғандар:

- A) Эмоционалді-ерік сферасы бұзылғандар
- B) Икемділіктері дамымағандар
- C) Дене бұзылысы анық көрінгендер
- D) Психикалық ауытқулары анық көрінгендер
- E) Күрделі дене кемшіліктері барлар

2. Арнайы білім берудің эволюциялық дамуының II кезеңінде төмен жағдайда болған ұйымдар мен салалар:

- A) Ғылым
- B) Университеттік және мектептік білім
- C) Білім
- D) Қайырымдылық
- E) Медицина

3. Инклюзивті білім беру арқылы жалпы білім беретін мекемеде оқи алатын мүмкіндігі шектеулі балалар:

- A) Ақыл-ой дамуының ауыр деңгейі
- B) Қалыпты деңгейі
- C) Күрделі бұзылыстары бар
- D) Балалар сал ауруы бар
- E) Көруінде бұзылысы бар
- F) Аутизмі бар
- G) Даун синдромы бар

4. Арнайы педагогикадағы оқыту әдістемесі:

- A) Мұғалімдердің бір – бірімен қарым – қатынас орнату жүйесі
- B) Білім алушылардың мектеп алдындағы міндеттер жүйесі
- C) Мұғалімнің қоршаған ортамен, айналасындағы адамдармен байланысы
- D) Білім алу үшін біріккен мұғалім мен оқушылардың тығыз қарым – қатынасының жүйесі
- E) Мұғалім мен білім алушылардың өзара тығыз байланысының жүйесі

5. Арнайы білім беру:

- A) Тірек – қимыл аппараты, сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларды оқыту, дамыту, тәрбиелеу
- B) Қалыпты балаларды оқыту және өмірге бейімдеу
- C) Соқыр және нашар көретін, керең балаларды оқыту
- D) Психологиялық көмек көрсету қызметі
- E) Мектепке дейінгі мекемеде оқыту және тәрбиелеу
- F) Жоғарғы білім беру және дамыту
- G) Кәсіптік білім беру және дағдылау

6. Күрделі кемістікке жатады:

- A) Ерік-сферасының бұзылысы
- B) Ақыл-есі кем және нашар еститін
- C) Аутизмге шалдыққандар
- D) ПДТ балалар
- E) Сал ауруы бар балалар
- F) Нашар көретіндер

7. В.В. Лебединский ұсынған дизонтогенез формалары:

- A) Тежелген даму
- B) БСА кезіндегі даму
- C) Зақымдалған даму
- D) Шизофрения кезіндегі даму
- E) ПДТ кезіндегі даму
- F) Аутизм кезіндегі даму
- G) Апатия кезіндегі даму

8. Белгілі бір психикалық үдерістің даму барысында сензитивті кезеңнің ерекшелігі:

- A) Психикалық процестің жеңіл дамуы
- B) Кезеңнің мүлдем дамымауы
- C) Кезеңнің баяу құрылымы
- D) Психикалық процестің нақты дамуы
- E) Психикалық процестің тез дамуы

9. Соңғы жылдары «инеграция» түсінігінің орнына «қосылу (inclusion)» түсінігі енгізілген шетелдік мемлекеттер:

- A) Африка
- B) Канада
- C) Түркия
- D) Ұлыбритания
- E) Өзбекстан
- F) Қазақстан
- G) АҚШ

10. «Include» ағылшын сөзінің аудармасы:

- A) Қамқорлық көрсету
- B) Көмек беру
- C) Қамту
- D) Қосу
- E) Оқыту
- F) Білім беру
- G) Өз құрамына енгізу

11. Тәрбие процесіне әсер ету құралдары:

- A) Арттерапия
- B) Жеке әңгімелесу
- C) Көрнекілік
- D) Ата- аналармен жұмыс
- E) Музыкалық әуендерді тыңдау
- F) Көркем әдебиетті оқу
- G) Бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру

12. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты:

- A) Білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру
- B) Қарапайым шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыру
- C) Танымдық қызығушылықты қалыптастыру
- D) Ақыл ой қасиеттерді қалыптастыру
- E) Сенсорлы мәдениетті қалыптастыру
- F) Әсемділікті дұрыс түсіну біліктілігін қалыптастыру
- G) Өз өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру

13. Оқу үдерісінің бүтіндігі келісі оқу әдістері негізіндегі сақталады:

- A) Жартылай-ізденіс
- B) Білімдерді қайталау мен бекіту
- C) Ынталандыру мен мотивация
- D) Түсіндірмелі-иллюстративті
- E) Бақылау мен өзіндік бақылау
- F) Танымдық әрекетінің ұйымдастырылуы мен іске асырылуы

14. Арнайы педагогикамен арнайы білім берудің дамуына зор үлес қосқан ғалымдар:

- A) И.И. Кант
- B) Д.Дидро
- C) Р.С. Немов
- D) Ф.Энгельс
- E) А.Адлер
- F) Л.С. Выготский

15. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог бойында болу керек:

- A) Педагогикалық бағыттылық, эмпатия
- B) Педагогикалық тұрақсыздық пен немқұрайлылық
- C) Педагогикалық такт, педагогикалық жоғары байқағыштық, бақылаушылық
- D) Педагогикалық дұрыс талаптың болмауы
- E) Педагогикалық жеке ойдың болуы
- F) Педагогикалық қараусыздық
- G) Педагогикалық оптимизм, педагогикалық рефлексия

16. Олигофренопедагогиканың негізін қалағандар:

- A) Ж. Демор
- B) О.П. Правдина
- C) Г.В. Чиркино
- D) Л.М. Белякова
- E) Л.И. Каплан

17. Арнайы білім беруді қажет ететін балалар категориясына тән ерекшеліктер:

- A) Өз іс-әрекетін басқара алу
- B) Ата-ана қамқорлығының жетіспеуі
- C) Ойлау әрекеті дамуының жетіспеуі
- D) Өз -өзіне деген сенімділігі жоғары
- E) Жеке-дара дамуындағы жетіспеушілік
- F) Баяу және шектеулі қабылдау

18. Логопедиямен тығыз байланысты ғылымдар:

- A) Патологическая физиология
- B) Анатомия
- C) Валеология
- D) Педагогика
- E) Жас ерекшелік физиологиясы
- F) Биология

19. 4 жастағы саңырау балалардың тең жартысы 2-3 бөліктен тұратын кеспе суреттерді құрастыруға шамасы келетіндігін анықтаған ғалымдар:

- A) С.Гейник
- B) Дж. Кардона
- C) Л.С. Выготский
- D) Г.Л. Выготский
- E) Э.И. Леонград
- F) А.А. Венгер

20. Сурдопедагогика мен сурдопсихологияның дамуына үлес қосқан ғалымдар:

- A) Л.Брайль
- B) Г.М. Дульнев
- C) В.А. Синяк
- D) Т.В. Розанова
- E) С.Я. Рубинштейн
- F) А.К. Ерсарина

21. Аутизмі бар балаларды әлеуметтендіруді анықтайды:

- A) Сөйлеу кемшілігінің дәрежесі
- B) Отбасы мен мамандардың бірыңғай жұмысы
- C) Көру бұзылысының сипаты
- D) Есту бұзылысының уақыты
- E) Отбасы мен көршілердің бірыңғай жұмысы
- F) Қарым-қатынас шектеулілігі

22. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінің мақсаты:

- A) Оқыту-тәрбиелеу
- B) Түзету, дамыту
- C) Кәсіпке үйрету
- D) Оңалту
- E) Еңбекке баулу
- F) Абилитация

23. Тифлопедагогика және тифлопсихология ғылымдарының дамуына үлес қосқан ғалымдар:

- A) А.В. Петровский, И.Я. Леркер
- B) Л.И. Солнцева, В.Гаюи
- C) Р.И. Лалаева, А.А. Костаева
- D) Г.Е. Сухарева, М.Р. Львов
- E) М.И. Земцова, Б.И. Коваленко

24. Гиперкинез кезінде байқалады:

- A) Көру бұзылысы
- B) Есту бұзылысы
- C) Ойлау бұзылысы
- D) Тыныштық жағдайында еріктен тыс қозғалыс
- E) Бұлшықет тонусының өзгермелі болуы

25. Күрделі кемістігі бар балалардың топтастырылуы:

- A) Айқын бір психофизиологиялық бұзылыс және жеңіл дәрежелі бұзылыс
- B) Сөйлеу тілі бұзылған
- C) Керемділік, есту қабілеті бұзылған
- D) Ақыл ой кемшілігі
- E) Аутизм белгілері

**Арнайы педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**